Байғанин аудандық жер комиссиясының шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсының

ҚОРЫТЫНДЫ ХАТТАМАСЫ

Аудандық жер комиссиясының №2 хаттамасы

Қарауылкелді ауылы 16.10.2026 жыл 11 сағат 13 минут

Жер комиссиясының құрамы:

1. Обаев Р.М. - Төрағасы, аудан әкімінің орынбасары
2. Абдижамиев Н.Г. - Байғанин орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі директоры
3. Берік Б.Н. - Аудандық қоғамдық кеңес мүшесі
4. Бултеев А.А. - «ADILNUR SERVIS» ЖШС директоры
5. Жақасов Қ.Т. - Аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы
6. Жұбанышев Н.Қ. - Аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы
7. Кушпанов Р.И. - «НургерСнаб» ЖШС директоры
8. Межеш А.Қ. - Аудандық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы
9. Тасин М.Н. - «Қазпошта» АҚ Байғанин пошта байланыс торабының басшысы

Нағашыбаев Ғ.Қ. - Хатшысы, аудандық жер қатынастары бөлімінің бас маманы

Аудандық жер комиссиясының негізгі құрамына қосымша құрам:

(ҚР Жер Кодексінің 43-1 бабына сәйкес жер учаскелері берілген жағдайда, қажеттілікке байланысты)

1. Конкаев К.Б. - Жаңажол ауылдық округінің әкімі;
2. Қоянбаев С.Е. - Жаңажол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық өкілі.

Қатысқандар:

Жер комиссиясы төрағасы: Р.М.Обаев, жер комиссиясы мүшелері: Б.Н.Берік, А.А.Бултеев, Қ.Т.Жақасов, Р.И.Кушпанов, А.Қ.Межеш, М.Н.Тасин жер комиссиясы хатшысы Ғ.Қ.Нағашыбаев.

КҮН ТӘРТІБІ:

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың Жаңажол ауылдық округі аумағында орналасқан жер учаскесінің жеңімпазын анықтау.

Жер комиссиясының төрағасы Р.М.Обаев: Құрметті жер комиссиясы құрамы конкурстық ұсыныстардың конверттерін ашу рәсімін жасадық, әрі қарай өтінімдеріне байланысты конкурстық ұсыныстарын қарап, заңнамаға сәйкес конкурс жеңімпаздарын анықтайтын боламыз. Сөз жер комиссиясы хатшысына беріледі.

Жер комиссиясы хатшысы Ғ.Қ.Нағашыбаев:

Жаңажол ауылдық округі.

№2-лот жайылымдық 3100,0 га жер учаскесі бойынша өтінім тапсырушылар:

1. Алипов Төремұрат;
2. Алипов Қанат;
3. Бақдәулет Медет.

Күн тәртібіне сәйкес, Байғанин аудандық жер комиссиясының хатшысы Ғ.Нағашыбаев шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың Жаңажол ауылдық округі бойынша №2 лотқа тапсырылған өтінімдерді жариялады. Жер комиссиясы барлық өтінімдерді олардың

сәйкестігі, толықтығы, есептемелердегі қателіктердің, құжаттардағы барлық қолтаңбалардың бары тұрғысынан зерделейді, сондай-ақ, жалпы рәсімдеудің дұрыстығын тексереді, осы Қағиданың 23 тармағында көрсетілген міндеттемелер өлшемшарттарына сәйкес конкурстық ұсыныстар бойынша балл беру жолымен өтінімдерді бағалап салыстыруды жүзеге асырды.

Жер комиссиясының төрағасы Р.Обаев: Қаралған конкурстық ұсыныстар бойынша алып қосар ұсыныс пікірлеріңіз болса орындарыңыздан тұрып айтуларыңызға болады.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы «Жер Кодексінің» Байғанин 43, 43-1 баптарына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидасына» сәйкес, жер комиссиясы төмендегідей қорытынды **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың Жаңажол ауылдық округі аумағында орналасқан жер учаскесіне қабылданған осы өтінімдер заң талаптарына сәйкес деп танылсын.
2. Конкурстық ұсыныста көрсетілген бизнес-жоспарларды, оның ішінде, инвестициялардың болжамды көлемі бойынша балл беру жолымен өтінімдерді бағалау, салыстыру бойынша немесе балдары тең болған жағдайда ашық дауыс беру арқылы төмендегі кестеге сәйкес жеңімпаз анықталсын.

Жаңажол а/о, жер учаскесінің көлемі (га)	№	Өтінім беруші атауы	Балл саны	Жеңімпаз	Қолдап дауыс берген комиссия мүшелері
2-лот 3100,0	1	Алипов Төремұрат	53		
	2	Алипов Қанат	23		
	3	Бақдәулет Медет	58	жеңімпаз	

Қалыс қалғандар: жоқ. **Қарсы болғандар:** жоқ.

Жер комиссиясы төрағасы: **Р. Обаев**

Мүшелері: **Б. Берік**

А. Булгеев

Қ. Жақасов

Р. Кушпанов

А. Межеш

М. Тасин

Хатшысы: **Ғ. Нағашыбаев**

Қоса жалғанды: Бал беру кестесі -1 бетте. Аяқталған уақыты 11 сағат 43 минут.

Байғанин аудандық жер комиссиясының
16.10.2026 жылғы №2 қорытынды
хаттамасына ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2018 жылғы №518 бұйрығымен бекітілген жер учаскесін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының 22 тармағына сәйкес, әр лот бойынша конкурс қатысушыларына балл беру кестесі

Ауылдық округ атауы	Лот № Жер учаскесінің көлемі (га)	№	Өтінім берушілер	Болуы										Балл	Қол көтеріп дауыс беру	Қарсы	Қалыс
				Мал басы				А/Ш техникасы (бірлік)	Технологиялық жабдық (бірлік)	Тартылатын инвестиция немесе несие көлемі	А/ш саласындағы білікті маман болуы	Ашылатын жұмыс орыны саны	Осы ауылда кемінде 5 жыл тұруы				
				түйе	жылқы	сиыр	Қой, ешкі										
Жаңажол	2-лот 3100,0	1	Алипов Т.	330	610	1379	402	4	7	200 000 000	7	0	Бар	53	-	Жоқ	Жоқ
				(10 балл)			(10 балл)	(5 балл)	(3 балл)	(5 балл)	(10 балл)		(10 балл)				
		2	Алипов Қ.	0	0	148	0	0	0	50 000 000	0	0	Бар	23	-	Жоқ	Жоқ
				(10 балл)			(0 балл)	(0 балл)	(0 балл)	(3 балл)			(10 балл)				
		3	Бақдәулет М.	1	139	314	264к/58е	5	5	350 000 000	5	0	Бар	58	-	Жоқ	Жоқ
				(10 балл)			(10 балл)	(10 балл)	(3 балл)	(5 балл)	(10 балл)		(10 балл)				
Барлығы:		3															